

Монтаев Мықты!

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникаллық университетінің профессоры, техникағылымдарының докторы Сәрсенбек Монтаев 2021 жылғы әлемнің үздік ғалымдарының қатарына енді.

Elsevier ғылыми баспасында жарияланған 2022 жылғы 3 қарашадағы соңғы мәліметтер бойынша «Әлемдегі ең беделді ғалымдардың 2%-ы» рейтингісіне «Болашақ» бағдарламасының үштулегі енген. Стэнфорд университетінің зерттеушілері жыл сайын библиометриялық зерттеу негізінде үздік ғалымдардың екі рейтингін дайындауды. Оның біріншісінде жалпы өз мансабында жұмыстарына ең көп сілтеме жасалған ғалымдар ұсынылады. Ал екіншісінде кейінгі жылдарғы жұмыстарына ең көп сілтеме жасалған үміткерлер қамтылған. 2021 жылдың қорытындысы бо-

йынша Сәрсенбек Элиакбарұлы екінші рейтингтің белортасынан табылды. Номинанттар Scopus дерекқорындағы жарияланым белсенділігі мен авторлардың дәйексөздерінің жоғары көрсеткіштері бойынша таңдалады.

Жәңгір хан университетіндегі индустримальды-технологиялық институтының директоры, ғалым-ұстаз, «Болашақ» бағдарламасының тулаге Сәрсенбек Монтаев жыл жаңалығы үлкен мүмкіндікке жол ашатынын айтты. «Бұл - әлемдік ғалымдар қауымдастырына енуге серпін беретін зор қадам. Ғылыми жобаларымды одан әрі же-тілдіре түспекпін», - дейді



профессор. Көрнекті ғалым С. Монтаевтың отандық ғылымда өзіндік орны бар. 2008 жылы Жапония елінде «Нанотехнология» бағыты бойынша ғылыми тағылымда мадан өтті. Ғалым әр түрлі салаларға арналған жаңа тиімді композициялық материалдар жасау мақсатында табиги және техногендік ресурстарды ұтымды пайдалануға ерекше мән береді. Елдегі үздік өнертабыс ретінде бірнеше ғылыми еңбегі патенттелген.

Нұртай Алтайұлы,
Орал қаласы